

**Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 3-сәуірде
№4282 тіркелді**

**Облыстық мәслихаттың «2015-2017 жылдарға
арналған облыстық бюджет туралы»
2014 жылғы 10 желтоқсандағы №250
шешіміне өзгерістер мен толықтырулар
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 8-бабының 2-тармағына, 106-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына және 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 11 наурыздағы «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың «2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4147 тіркелген, 2015 жылғы 20 қаңтарда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №250 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1- тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер -

«117 573 182,3» деген цифрлар «100 831 193,3» деген цифрлармен ауыстырылсын, оның ішінде:

трансферттер түсімдері бойынша -

«86 350 089,3» деген цифрлар «69 608 100,3» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар -

«119 261 214» деген цифрлар «102 658 963» деген цифрлармен ауыстырылсын;

3) тармақшасында:

таза бюджеттік кредит беру -

«2 864 695,6» деген цифрлар «8 009 985,6» деген цифрлармен

ауыстырылсын, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер -

«4 955 287» деген цифрлар «10 100 577» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

4) тармақшасында:

қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо -

«582 193» деген цифрлар «442 455» деген цифрлармен ауыстырылсын;

қаржы активтерін сатып алу -

«582 193» деген цифрлар «442 455» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы -

«-5 134 920,3» деген цифрлар «-10 280 210,3» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

б) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру -

«5 134 920,3» деген цифрлар «10 280 210,3» деген цифрлармен

ауыстырылсын.

2) 6 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджетке жан басына шаққандағы қаржыландыруды енгізу бойынша сынамалауды өткізу үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес орта білім ұйымдарында 10-11 сыныптар үшін білім беру процесін жүзеге асыруға көзделген шығыстарды беруге байланысты жалпы сомасы - 127 045 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.».

3) мынадай мазмұндағы 6-1-тармағымен толықтырылсын:

«6-1. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан жалпы сомасы - 9 588 823 мың теңге нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Көрсетілген сомаларды бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.».

4) 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қазақстан Республикасының «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 12-бабына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың

жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақысына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10% мөлшерінде ай сайынғы үстемақы төлеу белгіленгені еске және басшылыққа алынсын.».

5) 12-тармақта:

бесінші абзацтың бөлігінде:

«247 584» деген цифрлар «240 844» деген цифрлармен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтың бөлігінде:

«247 370» деген цифрлар «271 438» деген цифрлармен ауыстырылсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын жұмыскерлерінің, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемақы төлеуге - 2 929 346 мың теңге;»;

он бірінші абзац алынып тасталсын;

он екінші абзацтың бөлігінде:

«2 750 533» деген цифрлар «1 580 765» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

он үшінші абзац алынып тасталсын;

он төртінші абзацтың бөлігінде:

«1 063 150» деген цифрлар «757 350» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

он алтыншы абзацтың бөлігінде:

«2 741 777» деген цифрлар «235 006» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

он сегізінші абзацтың бөлігінде:

«15 169 576» деген цифрлар «14 569 441» деген цифрлармен

ауыстырылсын;

он тоғызыншы абзац алынып тасталсын;

және мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«Агроөнеркәсіп кешенінің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға - 46 446 мың теңге;

жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі уәкілетті органының штат санын ұстауға - 29 225 мың теңге;

сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау істері бойынша жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға - 37 021 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының қауіпсіз пайдаланылуының бақылауын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың штат санын ұстауға - 1 001 мың теңге;

елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге - 462 535 мың теңге;

азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға - 15 038 мың теңге.».

6) 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі Бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын мынадай бағыттар бойынша:

1) тұрғын үй жобалауға және (немесе) салуға кредит беруге - 1 989 162 мың теңге;

2) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыруға - 434 180 мың теңге;

3) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялауға - 1 344 487 мың теңге республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер мен кредиттер түскені ескерілсін.

Аталған сомаларды бөлу облыс әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.».

7) 14 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. 2015 жылға арналған облыстық бюджетте моноқалаларда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуге республикалық бюджеттен кредиттер 9 000 мың теңге сомасында түскені ескерілсін.

Аталған кредиттердің сомаларын бөлу облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.».

8) көрсетілген шешімдегі 1 қосымшасы осы шешімдегі 1 қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Ғ. ЛАТЫПОВ

**Облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА